

Келісімі
«Ертістік» байланысшы» МККК
әдіскері
А.Х. Байғалиева
2023 ж.

Бекіткен
«Ертістік» байланысшы» МККК
менгерушісі
Г.М. Ералиева
Г.М. Ералиева
2023 ж.

**2023-2024 оқу жылына ұйымдас­тырылған іс-әрекеттің қазақ тілі пәнінен
перспективалық жоснары**

/ ортаңғы топ/

Қазақ тілі мұғалімі: Абдулмәдина А.Т.

**2023-2024 оқу жылына ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің жанындағы Көкшетау қаласының «Ертөстік» балабақшасы» МКҚК

Топ: ортаңғы

Балалардың жасы: 3 жастан

Қазақ тілі мұғалімі: Абдильманова Айтжамал Туякбаевна

Ұйымдас- тырылған іс- әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері	Қолданылатын ойындар	Сөздік минимум	Мерзімі
	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Қазақ тіліндегі сөздерді ынта қойып тыңдауға, дұрыс айта білуге және ол сөздерді есте сақтауға үйрету. Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту.</p> <p align="center">Сөздік қоры</p> <p>Жемістер, көкөністер, және табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. Заттардың санын, қимылын білдіретін сөздерді айта білуді үйрету.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p>	<p>Ойын «Дұрыс па , бұрыс па ?» <i>Мақсаты.</i> қай жыл мезгілі екенін дұрыс тауып атайды. Сурет бойынша ойланып, дұрыс жауабын табады. Сызба бойынша әңгімелейді.</p> <p>Ойын «Сиқырлы қапшық» <i>Мақсаты.</i> Қолына алады, пішінін, дәмін, түсін, қолдануын айтады. Көкөністер мен жемістер туралы тақпақтарын айтады.</p> <p>Ойын «Бақша да ма, бау да ма?» <i>Мақсаты.</i> Жемістер мен көкөністер туралы мағлұмат беру. Олардың айырмашылықтарын түсіндіру. Ағашқа жемістерді жинау керек. Себетке көкөністерді жинайды.</p> <p>Ойын «Артықты тап ?» <i>Мақсаты.</i> тақырыптық сөздерді дұрыс айта алады. Заттарды ажыратып, дұрыс атайды Қосымша пайдалану түрлерін ойластырады</p>	<p>Шие, алма, алмұрт, өрік, банан, пияз, сәбіз, қияр, жемістер, көкөністер, күз, жанбыр, жел, суық, бұлт</p>	<p>Қыркүйек</p>

	<p>Байланыстырып сөйлеу Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге, диалогқа қатысуға үйрету.</p>	<p>Ойын «Не жоқ?» <i>Мақсаты.</i> Қай зат жоқ екенін айтады. Заттарды ажыратып, дұрыс атайды Қосымша пайдалану түрлерін ойластырады</p>		
	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтуға және есте сақтауға, осы дыбыстар бар сөздерді қолдануға үйрету; қазақ тілінің ерекше ә,і,ң дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету.</p> <p>Сөздік қоры Зат атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Отбасы мүшелері, сандар туралы білімдерін кеңейту. Күнделікті өмірде қолданатын сөздер мен іс-әрекетті білдіретін сөздерді үйрету.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым жауап беруге үйрету, диалогқа қатысу.Өзіңіз туралы (Аты, Тегі, жасы), айту қабілетін қалыптастыру.Отбасы, айналаңыздағы адамдармен қарым-қатынас жасау үшін қажетті сөздерді айту (Сәлеметсіз бе?Сау болыңыз!Рахмет!).Мақал-мәтелдерді жатқа айтуға үйрету.</p>	<p>Ойын «Дұрыс ата?» <i>Мақсаты.</i> ойын арқылы отбасы мүшелерін ажырата білуге, кімге қай зат тиесілі екенін табуға, балалардың есте сақтау қабілетін, зейінін, ойлау қабілетін дамыту.</p> <p>Ойын «Кім жоқ Үйде нешеу екенбіз? Кел санайық екеуміз.» <i>Мақсаты.</i> Отбасында неше адам санайды, айтады. Санамақты жаттайды. Әр бала отбасында неше адам бар екенін айтуға үйренеді.</p> <p>Ойын «Кім жоқ?» <i>Мақсаты.</i> Өз отбасы мүшелерін танып білуді, отбасы мүшелерін олардың аталуын, сұраққа жауап бере алады, көмек көрсете біледі. Өз ойларын жеткізе алады .</p> <p>Ойын «Мен ... жақсы көремін» <i>Мақсаты.</i> Балалар пиктограмма арқылы отбасын, отбасы мүшелерін жақсы көретіндіктерін айтады. Мысалы: Мен атамды (әжемді, анамды, әкемді, ...) жақсы көремін. Біз отбасымызды жақсы көреміз.</p>	<p>Ана, әке, ата, апа, әже, аға, іні, әпке, мен, сен, ол, біз, сіз, олар, бір, екі,</p>	<p>қазан</p>

	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтып, есте сақтай білуге үйрету, осы сөздерді қолдану; қазақ тіліне тән дыбыстарды айту: ә, ө, к, ұ, ұ, и, ғ, н, һ. Сөйлеу және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және анық дикцияны дамыту.</p> <p>Сөздік қор таныс сөздерді балабақша, ойыншықтар атаулары күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Кеңістікті бағдарлау сөздерді қолдануға дағдыландыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуге және қолдануға үйрету;</p> <p>Байланыстырып сөйлеу Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге, диалогқа қатысуға үйрету.</p>	<p>Ойын «Ойыншықты ал» <i>Мақсаты.</i> балалардың зейінін, есту қабілетін дамыту. Қазақ тілінде ойыншық атауларын дұрыс айтуға жаттықтыру.</p> <p>Ойын « Аудармашы » <i>Мақсаты.</i> Орысша айтылған сөздерді қазақша айтады, есте сақтайды. Қ дыбысын дұрыс айтуға баулу. Мынау не? сұрағына жауап айтуға үйрету.</p> <p>Ойын «Суреттеу бойынша тап » <i>Мақсаты.</i> Ойыншықтарды суреттеу бойынша анықтау. Мынау не? Мынау қандай? сұрақтарына дұрыс жауап айтуға дағдыландыру.</p> <p>Мысалы: дөңгелек доп, кішкентай асық, әдемі қуыршақ, ақ текше.</p> <p>Ойын «Ойыншықты тап» <i>Мақсаты.</i> Есте сақтау, ойлау қабілетін жаттықтыру. Атын атап, сиқырлы сөздік қорын молайту. Ойыншықты сипаттай отырып, қай ойыншық екенін анықтау. Ойыншықтың санын айту.</p> <p>Ойын «Не артық» <i>Мақсаты.</i> балалардың зейінін, есту қабілетін дамыту. Қазақ тілінде ойыншық атауларын дұрыс айтуға жаттықтыру, қандай зат артық, дәлелдеу неге ол зат артық.</p>	<p>Балабақша, , ән айтамыз, билейік, үй, есік, терезе, Доп, текше, қуыршақ, асық, мәшине</p>	<p>қараша</p>
--	--	---	--	----------------------

	<p>Дыбыстық сөйлеу мәдениеті Қазақ тілінде айтылған сөздерді тыңдай білуге үйрету, оларды дұрыс айту және есте сақтау, дұрыс айту. Қазақ тілінің ерекше дыбыстары: ә, ө, і, қ, ғ, ң, һ, ү, ұ. бойынша жұмысты жалғастыру артикуляциялық аппаратты дамыту.</p> <p>Сөздік қор Табиғат, киім, түстер, дене мүшелері тақырыбында түсінігін кеңейту. Тақырыпқа қатысты сөздер мен сөз тіркестерді таныстыру. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуге және қолдануға үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге, диалогқа қатысуға үйрету.</p>	<p>Ойын «Жыл мезгілдері үйлері» <i>Мақсаты.</i> табиғаттағы жыл мезгілдері мен маусымдық өзгерістер, жыл мезгілдерінің реті туралы түсініктерін дамыту. Материал: Түрлі түсті 4 үй (қызыл – жаз, сары – күз, көк – қыс, жасыл – көктем). Суреттер: түрлі-түсті көйлек киген 4 қыз (жыл мезгілдері), табиғат суреттері (айлар бойынша), тақырыптық суреттер</p> <p>Ойын «Қыс қызықтары» <i>Мақсаты.</i> мұғалім балаларды қандай? деген сұрақтарға жауап беруге шақырады. Мысалға: қыс-аяз, суық. Балалар не тебеді. Шана, шаңғы тебеді. Не жасайды? Аққала жасайды. Қар қандай? Ақ.</p> <p>Ойын «Қуыршақты киіндір» <i>Мақсаты.</i> Киім атауларын дұрыс атап, қуыршақты киіндіру. Жыл мезгіліне қарай киімдерді ажырата білуге үйрету. Қандай? Сұрағына дұрыс жауап беруге үйрету.</p> <p>Ойын «Дене мүшелерін ата» <i>Мақсаты.</i> Адамның дене мүшелері туралы мәлімет беру, жаңа сөздерді дұрыс айтуға үйрету. Салауатты өмір салтына байланысты тәрбиелік мақсатта сурет бойынша әңгімелеу. Дене мүшелерін дұрыс көрсету деңгейіне жеткізу.</p>	<p>Қыс, мұз, аяз, қар, суық шана, шаңғы, аққала, Ақ, көк, қара, жасыл, сары, қызыл үстінде, астында, қасында, артында, Шалбар, көйлек, тон, қолғап, етік, пима, бөкебай</p>	<p>желтоқсан</p>
--	--	--	---	-------------------------

	<p>Дыбыстық сөйлеу мәдениеті Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтып, есте сақтай білуге үйрету, осы сөздерді қолдану; қазақ тіліне тән дыбыстарды айту: н, һ дыбыстары Сөйлеу және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және анық дикцияны дамыту.</p> <p>Сөздік қоры Күнделікті өмірде кездесетін кейбір тұрмыстық заттардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; «Үй жануарлары» мен «Дала жануарлары» тақырыбында түсінігін кеңейту.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуге және қолдануға үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге, диалогқа қатысуға үйрету. Мақал-мәтелдерді жатқа айтуға үйрету.</p>	<p>Ойын «Сиқырлы қапшық» Мақсаты. Қапшықтың ішіндегі үй жануарларымен таныстыру. Танымдық, есте сақтау қабілеттерін, сөздік қорларын арттыру</p> <p>Ойын «Жасырылған суреттер» Мақсаты. Жабайы аңдарды қазақша айтып үйренеді, дыбыстарды дұрыс айтады. сұраққа жауап бере білуге, жаңа сөздерді айтуға дағдыланады.</p> <p>Ойын «Не артық?» Мақсаты. Артық жануарды атап, себебін айту. Үй жануарлар мен жабайы аңдарды ажырата білуге үйрету.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сиыр – қасқыр – түлкі – аю. 2. Түлкі – түйе – қасқыр – аю. 3. Қасқыр – түлкі – мысық – қоян. 4. Түлкі – аю – қасқыр – ит. <p>Ойын «Сөз ойла, тез ойла» Мақсаты. Сұрақтар қойып, жауап бере алады, жаңа сөздерді қолданады. Сурет бойынша үй жануарлар мен жабайы аңдарды ажыратады.</p> <p>Ойын: «Мекеніне апар» Мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы жануарларды ажыратып қайда тіршілік ететінін білуге үйрету. Балалардың ойлау қабілетін дамыту.</p>	<p>Үй жануарлары: қой, ешкі, сиыр, жылқы, ат, мысық, ит, түйе Жабайы аңдар: аю, түлкі, қасқыр, қоян</p>	<p>қантар</p>
	<p>Дыбыстық сөйлеу мәдениеті Қазақ тілінде айтылған сөздерді тыңдай білуге үйрету, оларды дұрыс айту және есте сақтау, дұрыс айту. Қазақ тілінің ерекше дыбыстары: ә, ө, і, қ, ғ, н, һ, ү, ұ. бойынша жұмысты</p>	<p>Ойын «Құстарды құрастыр» Мақсаты. жалпы құстар туралы, олардың тіршілігі мен пайдасы туралы түсіндіру. Балалардың белсенділігін, қызығушылығын, сөздік қорын, ой-өрісін дамыту. Құстарды қорғауға, табиғатты сүюге тәрбиелеу.</p>	<p>Үй құстары: тауық, әтеш, балапан, қаз, үйрек Дала құстары: торғай, қарға, сауысқан</p>	<p>ақпан</p>

	<p>жалғастыру артикуляциялық аппаратты дамыту.</p> <p>Сөздік қор «Үй құстары», «Дала құстары», «Сандар» тақырыбында түсінігін кеңейту. Тақырыпқа қатысты сөздер мен сөз тіркестерді таныстыру. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу Тілдің грамматикалық құрылымы Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуге және қолдануға үйрету; Байланыстырып сөйлеу Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге, диалогқа қатысуға үйрету</p>	<p>Ойын «Бұл қандай құс?» Мақсаты. белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуге үйрету және оларды ажырата білу. Үй құстарын қазақша атап үйренеді. Қазақ тіліне тән дұрыс айтуға үйрету. Үй құстарына қамқорлық жасау керектігін түсінеді.</p> <p>Ойын «Құстарды топтастыру» Мақсаты. Дала құстары мен үй құстарының суреттерін ажырата таба білу, есте сақтау қабілеттерін байқау. Күннің жанына жыл құстарын, құс ұясы жанына қыстап қалатын құстарды қою.</p> <p>Ойын «Сөйлемді аяқта» ойыны Мақсаты. Мұқият тыңдайды, сөйлемді аяқтайды</p> <ul style="list-style-type: none"> - Құстар ұша алады, өйткені ... - Құстар қоректенеді ... - Аяздан қорықпайды ... - Үй құстары ... - Құстар қорғайды ... 	<p>1-5, бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші</p>	
	<p>Дыбыстық сөйлеу мәдениеті Қазақ тілінде айтылған сөздерді тыңдай білуге үйрету, оларды дұрыс айту және есте сақтау, дұрыс айту. Қазақ тілінің ерекше дыбыстары: ә, ө, қ, ү, ұ. бойынша жұмысты жалғастыру артикуляциялық аппаратты дамыту.</p> <p>Сөздік қор Бізді қоршаған орта «Наурыз» мерекесі, тағамдар, ұлттық тағамдар тақырыбы туралы түсінігін кеңейту.</p>	<p>Ойын «Аспазшылар» Мақсаты. Азық-түлік туралы балалардың көріністерін өзектендіру және тағамдарды дайындау алгоритмі: ойын балалардың алғы шарттар логикалық ойлау, байланыс сөйлеуді, сөзжасам дамытады.</p> <p>Ойын «Ас мәзірі» Мақсаты. Балаларды асты қадірлеуге, өздерін дастарқан басында дұрыс ұстауға үйрету. Байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру, ой-өрістерін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p>	<p>Нан, бауырсақ, шай, май, ірімшік, сүт, қаймақ, айран, су, сусын, сорпа, ботқа, ас болсын! тамағыңды іш</p>	<p>наурыз</p>

	<p>Тақырыпқа қатысты сөздер мен сөз тіркестерді таныстыру Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы 2-3 сөзден тұратын жай сөйлемдерді түсінуді және сөздерді сөз тіркестері мен сөйлемдерде байланыстырып құрастыруды жаттықтыру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге, диалогқа қатысуға үйрету; шағын қарапайым мазмұнды мәтіндерді, тақпақтар мен өлеңдерді тыңдауға және оларды түсінуге, мазмұндау мен жатқа айтып беруге машықтандыру.</p>	<p>Ойын «Сықырлы суреттер» <i>Мақсаты.</i> Сөздердің мағынасын түсінеді, сөйлем құрастырады. Ұлттық тағам түрлерімен танысады. Қазақ халқының қонақжайлылығы дәстүрі туралы әңгімелеу.</p> <p>Ойын «Телефон» <i>Мақсаты.</i> Естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізуге дағдыландыру, сурет бойынша сөздерлі айту, сөздік қорын молайту.</p>		
	<p>Дыбыстық сөйлеу мәдениеті қ, ғ дыбыстары бар сөздерді дұрыс айтуға және есте сақтауға, осы дыбыс бар сөздерді қолдануға үйрету; Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза, анық сөйлеуді дамыту.</p> <p>Сөздік қоры Күнделікті өмірде кездесетін кейбір тұрмыстық заттардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; Көліктер, мамандықтар тақырыбына қатысты</p>	<p>Ойын «Мамандықтың бәрі жақсы» <i>Мақсаты.</i> Балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру, еңбекті құрметтеуге дағдыландыру, өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру.</p> <p>Ойын «Жоғалған құралдар» <i>Мақсаты.</i> Қай мамандықтың заты екенін дұрыс тауып атайды. Сурет бойынша ойланып, дұрыс жауабын табады Қосымша қажетті заттарды атайды. Тақырыпқа байланысты сұрақтар қоя біледі</p>	<p>Автокөлік, ұшақ, тікұшақ, пойыз, велосипед, самокат, жүргіншілер жолы, бағдаршам. Мамандықтар иесі: дәрігер, тәрбиеші, аспазшы, ұшқыш, жүргізуші, өрт сөндіруші, құрылысшы, тәртіп сақшысы</p>	<p>сәуір</p>

	<p>сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс айтқызып үйрету.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуге және қолдануға үйрету;</p> <p>Байланыстырып сөйлеу Қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру.</p>	<p>Ойын «Көлік дыбыстары» <i>Мақсаты.</i> Көліктің дыбысын есту арқылы атын атайды. Ойланып жауап береді Көлік түрлерінің ерекшеліктерін байқайды, ажырата білуге үйрету.</p> <p>Ойын «Көлікпен саяхат» <i>Мақсаты.</i> Сұрақтар қойып, жауап бере алады, жаңа сөздерді қолданады Сурет бойынша қысқа сөйлем құрастырады Көліктердің айрмашылығын байқайды Артық сөздерді топтастырады Топпен жұмыс жасайды</p>		
	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Қазақ тілінде айтылған сөздерді тыңдай білуге үйрету, оларды дұрыс айту және есте сақтау, дұрыс айту. Қазақ тілінің ерекше дыбыстары: ә, ө бойынша жұмысты жалғастыру артикуляциялық аппаратты дамыту.</p> <p>Сөздік қор Сөздік қор: таныс сөздерді , жиһаз, ыдыстар атаулары, іс қимылды сөздер күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Кеңістікті бағдарлау сөздерді қолдануға дағдыландыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуге және қолдануға үйрету;</p> <p>Байланыстырып сөйлеу Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге, диалогқа қатысуға үйрету.</p>	<p>Ойын «Қарап ал да есіне сақта» <i>Мақсаты.</i> Балаларды көрген суреттерді есіне сақтап, көз алдына елестете отырып әрқайсысын ретімен атап шығуға жаттықтыру. Көрнекілік: суреттер Ойын барысы: әртүрлі суреттерді көрсетіп ретімен атауға сұраайды.</p> <p>Ойын «Қуыршаққа бөлме жасалық» <i>Мақсаты.</i> Балаларды жиһаздық заттардың атауын дұрыс атай білуге жаттықтыру. Сөйлеу барысында зат есімдер мен сын есімдердің сандық түрленуін қолдана білуге баулу.</p> <p>Ойын « Ыдыс дүкені» <i>Мақсаты.</i> Ыдыс түрлерін, қажеттілігін, оларды ұқыпты пайдалануды. Ыдыс атауларымен таныстыру. Ойын тапсырмаларын орындауды.</p> <p>Ойын «Бұл қандай ыдыс?» <i>Мақсаты.</i> Балаларды ыдыстарды өзіндік ерекшеліктеріне қарай сипаттай білуге және сипатына қарай тани білуге үйрету.</p>	<p>Үстел, орыедық, төсек Ыдыс: кесе, тәрелке, қасық, шанышқы, шәйнек</p>	<p>мамыр</p>

